

Шырғанак өсімдігінің дәрілік мақсатта пайдаланылуы



Зерттеу мақсатым

1. Шырғанақ өсімдігінің химиялық құрамын анықтап, медицина саласында дәрілік мақсатта қолданылуын бағалау.
2. Таралу аймақтарын анықтап, үй жағдайында аурулардың алдын алуға болатындығына көз жеткізу.
3. Шырғанақ өсімдігін пайдаланып, түрлі ауруларды емдеп, салауатты өмір салтын сақтау.

Тақырыштың өзектілігі

- 1.Шырғанақтың анатомиялық, морфологиялық құрылысын анықтау.
- 2.Құрамындағы: дәрумендердің, ақуыз, көмірсу, май, каротин, аскорбин қышқылының организмге тигізер әсерін анықтау.
- 3.Емдік қасиеттері мен дәрілік мақсатта күнделікті өмірде пайдалану.

Шырғанақ (лат. *Hippóphaë rhamnoides*) — гүлді өсімдіктердің қосжарнақтылар класындағы жиде тұқымдас кішкене ағаш немесе бұталы өсімдік. Биіктігі 1,5—6 метр. Шырғанақ туыстардың 3 қана түрі бар. Ең көп тараған түрі — итшомырт шырғанақ. Қазақстанда тек бір ғана түрі өседі. Тау етегінде, тоғайлы алқапта, өзен-су жағалауларында, жартасты, тасты тау беткейлерінде өседі. Сары түсті, дөнгелек, сырты етті, исі жағымды, қызыл сүйекті жемісі болады, шырынды жемісі бұта басында тізбектеліп, жабысып өседі. Гүлдеу мерзімі – сәуір, мамыр айлары. Қыркүйек-қазан айларында жемістері піседі. Шырғанақтың жемісі алма қышқылы, каротин, май, ксантофилл, кверцетин, аскорбин қышқылына, В1, В2, В6 дәрумендеріне, ал дәні майға (12,5 %), каротин мен В1, В2, Е дәрумендеріне бай. Жемісінен әртүрлі тосап, кисель тағы да басқа дәруменді заттар дайындайды.



Таралуы:

Орталық Азия, Алатау, Алтай, Тува, Кавказ және Сібір жерлерінде кездеседі. Алтай өңірінде 5000га-дан астам жерді алып жатыр. Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде көп кездеседі.



Шырғанақтың күміс жасыл түсті жапырағы



Шырғанақ өсіру аймағы



Шырғанақтың жеміссіз бұтағы



Шырғанақтың жемісті бұтағы




Шырғанақтың гүлдеуі



Шырғанақтың құрамы және қуаттылық өлшемі 100г (мг)

Атауы	Ақуыз	Көмірсу	Май	Қуаттылығы
Шырғанақ	0,99г	6,58г	2,11г	48,93 ккал (204 кДж)

- Белки
- Жиры
- Углеводы



Шырғанак өсімдігінің құрамында кездесетін дәрумендер 100г (мг)

Витамин А	0,25	мг
Витамин В1	0,03	мг
Витамин В2	0,2	мг
Витамин В2	0,05	мг
Витамин В3	0,45	мг
Витамин В5	0,2	мг
Витамин В6	0,8	мг
Витамин В9	0,009	мг
Витамин С	200	мг
Витамин Е	5	мг

Шырғанақтың химиялық құрамы

100г (мг)

Калий	193	мг
Магний	30	мг
Кальций	22	мг
Фосфор	9	мг
Натрий	4	мг
Железо	1,4	мг



Шырғанақтың
емдік
қасиеттері

Шырғанақ арқылы емдеуге болатын сырқаттар:

- Дәрумендердің жетіспеспеуінен болған қан аздыққа;
- Аллергиялық аурудан тері бүлінгенде;
- Сусамыры бар адамдардың зат алмасуы бұзылған кезде;
- Тұмау тигенде;
- Тіс түбі босап, қанап ауырған кезде;
- Жұтқыншақтың бірнеше түрлі ауруына, мұрынның іші ауырғанда;
- Көздің көру қабілеті төмендегенде;
- Ас қорыту жүйесінің жұмысы бұзылғанда;
- Созылмалы іш қатуға;
- Бауыр ауруларының алдын алуға;
- Жатыр мойнының эрозиясына;
- Қатерлі ісік ауруына;
- Ревматизм мен сор буын ауруына;
- Жазылмай жүрген жараларға;
- Қан ұйып, тамыр тығындалған кезде;
- Шаш ойылып түсе бастаса;
- Шиқанға, іріңді котырларға;
- Асқазан жарасына, эрозиялық асқазан сырқаттарына;
- Радиоактивті сәулелердің әсерінен пайда болған терідегі жараларға;

Өсімдіктің жемісінен **шырғанақ майы (облепиховое масло)** деген дәрі алынады. Бұл дәрі ғылыми медицинада өте жоғары бағаланады. Әсіресе, радиоактивті сәулелердің әсерінен пайда болған терідегі жараларды емдеуде шипалық қасиеті аса күшті. Әйелдердің көптеген ауруларын осы шырғанақ майымен емдейді. Асқазанда және ұлтабарда жара пайда болғанда да осы дәрімен емдеу арқылы жақсы нәтижелерге қол жетіп жүр. Халық арасында шырғанақ жемісін сулы тұнбасымен асқазан ауруларын емдейді. Ревматизмді емдеу үшін шырғанақтың жемісін жапырағымен қосып қайнап тұрған суға салып, сулы тұнбасын пайдаланады. Шырғанақтан «Гипорамин» деп аталатын тұмау және түрлі инфекциялық ауруларға қарсы дәрілік зат алынады. Ол тыныс алу жолындағы түрлі мұрын, жұтқыншақ ауыз қуысының вирустық ауруларын емдеуге арналған. «Олазол», «Гипозол» және «Облекол» дәрілері мұрын, ауыз қуыстарын шайғыш және микроптардың жойылуына әсер ететін, қалпына келтіруші, ауырсынуға қарсы қасиеттері бар. Және де бұл дәрілік заттардан басқа көптеген дәрі-дәрмектер жасалып қазіргі кезде медицинада кеңінен қолданылуда. Шырғанақ жемісін 45 бөлігін, қанттың 55 бөлігін алып араластырса, қыста өте жақсы сақталады.

- Дәрумендердің жетіспестігінең болған қан аздыққа 3 ас қасық шырғанақ шырынын жарты стақан райхан жалбыздың қайнатылған тұнбасына қосып, оған бір ас қасық бал қосып араластырады да тоңазытқыштың астына қойып, екі сағат бұқтырады. Осыдан әр жолы жарты стақаннан астан бұрын екі рет ішеді. Бір емделу барысы 14 күн.
- Аллергиялық аурудан тері бүлінгенде бір ас қасық шырғанақ жемісін 250 г қайнап тұрған суға салып, 10 минут ақырын қайнатады. Жарты сағат бұқтырады. Осыдан ас алдында 2 ас қасықтан ішеді. Суын жылытып, теріге компресс жасайды. Әр 15 минут сайын ауыстыруға болады. Бір емделу барысы 15 күн.
- Сусамыры бар адамдардың зат алмасуы бұзылған кезде 3 ас қасық итмұрын жемісіне 1 шай қасық қаражидек жемісін қосып, 1 литр қайнап тұрған суға салып, жарты сағат жабық термоста ұстайды. Осыдан соң оны сүзіп, үстіне 4 ас қасық жылы шырғанақ шырынын, 3 ас қасық бал салып, бәрін араластырады да, 3 апта күніне 3 реттен жарты стақаннан ішеді. 21 күн осылай емделіп, 15 күн демалып, қайта жалғастыруға болады.
- Тұмау тиіп жөтеліп қалған кезде бір стақан қайнап тұрған сүтке бір шай қасық шырғанақ майын, пышақтың ұшымен ас содасын қосып, араластырып, жатарда ішіп, жазылғанша жалғастыруға болады.
- Тіс түбі босап, қанап ауырған кезде шырғанақ жапырағын 10 минут ақырын қайнатып, астан соң жылыдай ауызды шайып отырады. Күніне 5-6 рет. Бір апта жасаса нәтижесі көрінеді.
- Жұтқыншақтың бірнеше түрлі ауруына, мұрынның іші ауырғанда таза дәкеге сіңірілген шырғанақ майымен ауыз қуысын, жұтқыншақ төңірегін, танау ішін ауық-ауық сүртіп отыру керек. Бір емделу барысы 10 күн.
- Көз ауруларының бірі тауық соқыр деп аталады. Бұл көбінше кешке қарай көздің көру қабілеті төмендеп кетеді. Мұндайда бір стақан шырғанақ жемісін күні бойы жеп тауысып отырады. Ол аз немесе жоқ болғанда шырғанақтың жас бұтақтарынан аз мөлшерде алып, жарты литр қайнаған суға 10 минут ақырын қайнатып, термоста ұстайды. Осыдан әр жолы жарты стақаннан күніне үш рет ішеді. Емді бір айға жалғастырса нәтижесі көрінеді.

- Ас қорыту жүйесінің жұмысын жақсартуға бір ас қасық шырғанақ жемісін қайнап тұрған суға салып, тағы біраз қыздырып, жарты сағат бұқтырады. Осыдан күн сайын ас алдында жарты стақаннан күніне үш рет ішеді. Қажетінше қолдануға болады.
- Көбінше балалардың мұрын қуысына томпиып ет өседі. Ол бірден ота жасамаса алына қоймайды. Ота жасаудың өзіндік қиындықтары бар. Сондықтан да оған шырғанақ майымен дәрі жасайды. 3 ас қасық шырғанақ майына бір ас қасық енді ғана сығылған пияз шырыны, 2 ас қасық зәйтүн майы, 1 ас қасық ерітілген бал қосып араластырады. Осыны дәкеге сіңдіріп, мұрынға 20 минуттан күніне екі рет қояды. Емді үш аптаға созса нәтижесі көріне бастайды.
- Созылмалы іш қатуға бір ас қасық шырғанақ жемісін 300 г суға 15 минут ақырын қайнатып, бұқтырып, ас арасында бөліп-бөліп ішеді. Ішек жұмысы дұрысталғанша жалғастыруға болады.
- Бауыр ауруларының алдын алуға шырғанақ жапырағынан, қарақат, шие, шырмалғыш шайшөптен тең мөлшерде алып араластырып, ас қасықты 500 г суға бір қайнатып, 2 сағат термоста бұқтырады. Осыдан жылыдай әр жолы 100 грамнан күніне 3-4 рет ішеді. Әр жолғы емді үш аптаға созып, жылына 4-5 рет қайталауға болады.
- Жатыр мойнының эрозиясына шырғанақ майына батырылған таза дәкіні жатарда жатыр ауызына қойып отырады. Бір емделу барысы 10-12 күн. Арада бір апта өткізіп қайталауға болады.
- Қатерлі ісігі бар адамдар 500 г жаңа жиналған шырғанақ жемісін қайнап тұрған суға бір салып алып, таза банкіге салып, үстінен бір килограмм ерітілген таза қарақұмық балынан құйып, салқын жерге бір ай жабық ыдыста ұстайды. Осыдан соң сығып таза ыдысқа құйып алады да ас соңынан 2 ас қасықты ішіп, соңынан жаңа сауылған піскен сүт ішеді. Бір емделу екі аптаға созылады. Осыншама демалып, қайта жалғастыруға болады.

- Ревматизм мен сор буын ауруына шырғанақ жапырағы мен жемісінен тең мөлшерде алып 500 г қайнап тұрған суға салып, тағы да 5 минут ақырын қайнатып, бұқтырады. Осыдан күнделікті астан 20 минут бұрын ішеді. Бір емделу барысы 20 күн. Осыны ішіп жүрген кезде аптасына 2-3 рет шөп моншасын жасауға болады. Ол үшін шырғанақтың жас бұтақтарын ұсақтап, қарағайдың жас қылқаны мен шишкаларын 1,5 литр суық суға салып, 2 сағаттан соң 20 минут ақырын қайнатып, астаудың суын 38-39 градус жылы ұстап қосады да шомылады. Соңынан жақсылап сүртіп, ауырған буынды күнбағыстың тазартылмаған майымен сылап орайды. 10-12 күнге созылады бір ем.
- Жазылмай жүрген жараларға бір шай қасық шырғанақ майына жарты шай қасық алоэ шырынын қосып, таза дәкіге сіңдіріп, жараның үстінен орап таңады. Бір емделу барысы 10-15 күн.
- Қан ұйып, тамыр тығындалған кезде астан соң шырғанақ жемісінің шырынынан бір шай қасықты ішіп, соңынан көк шай ішеді. Бір емделу барысы 10-14 күн.
- Шаш ойылып түсе бастаса 2 ас қасық шырғанақ жас бұтағын ұсақтап, 300 г суға 7 минут ақырын қайнатып, 3 сағат бұқтырады. Осы сумен жылыдай шаш түбіне жұмсақ уқалап, сіңдіріп, басты полиэтиленмен жауып, сәлден соң алып тастайды да, орамалмен орап қояды. Бір сағаттан соң басты жылы сумен жуып тастайды. Мұны жатарда істеп, 2-3 айға созуға болады.
- Шиқанға, іріңді котырларға 1,5 ас қасық шырғанақ майына бір шай қасық вишневикий май қосып, араластырып, жатарда таза дәкімен аталған сырқаттарға жауып орайды. Жатарда жасап, жазылғанша жалғастыруға болады.
- Асқазан жарасына, эрозиялық асқазан сырқаттарына да шырғанақ майын пайдаланса сырқаттың жылдам сауығуына ықпал жасайсыз.
-



Шырғанақ өсімдігінен жасалған дәрілер:



ОЛАЗОЛЬ® аэрозоль OLASOL

**Состав на один баллон:
Действующие вещества:**

Масло облепиховое.....	5,40 г
Хлорамфеникол.....	1,62 г
Бензокаин.....	1,62 г
Кислота борная.....	0,27 г

Вспомогательные вещества:
триэтаноламин, ланолин,
кислота стеариновая, глицерин,
вода очищенная, хладон 134а.











Шаш түсімін азайтуға арналған шырғанақтан жасалған жақпа майлар су сабындар.



Шырғанақ өсімдігі шырын, шәй, қызыл шарап, түрлі биойогурттар мен тағамдар жасауға да қолданылады.



Қорытынды

Шырғанақ өсімдігінің емдік қасиеттерін зерттеу барысында өсімдіктен көптеген дәрілердің алынатыны анықталды. Өсімдіктің құрамындағы дәрумендер мен химиялық құрамының адам ағзасына тигізетін әсері белгілі болды. Және де көптеген сырқаттарды жазуға қабілеттілігі зерттелді. Жалпы бұл өсімдікті күнделікті өмір сүруімізде қолданып, түрлі аурулардың алдын алып және емдеуге болатындығына толық көз жеткізілді.